



## ПРЕСС-РЕЛИЗ

Ташкент қ.

11 қыркүйек 2019 жыл

### Өзбекстанда "KASE Day in Tashkent" болып өтті

2019 жылдың 11 қыркүйегінде Ташкент қаласында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) "Тошкент" Республикалық қор биржасы" АҚ (UZSE) қолдауымен ұйымдастырылған, "KASE Day in Tashkent" іс-шарасы болып өтті.

Бұл іс-шара 2018 жылдың қыркүйегінде қол қойылған екі биржаның арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумның шегінде өткізіліп, қатысушыларды қазақстандық биржалық нарықтың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларымен, қаржы құралдарымен және KASE қызметтерімен, өзбекстандық компаниялар үшін қазақстандық қор нарықта капитал тартудың шарттарын және инвестициялық әлеуетпен таныстыруды көздеген.

"KASE Day in Tashkent" барысында екі елдің нарыққа кәсіби қатысушыларының арасында ынтымақтастықтың, соның ішінде биржалық нарықтарға өзара рұқсаттама алу мүмкіндіктері ұсынылып, талқыланды.

Іс-шараға өзбекстандық қор нарығының қаржылық ұйымдары мен компания-эмитенттері, сондай-ақ қазақстандық брокерлік ұйымдардың өкілдері қатысты.

"Биржалардың өзара ынтымақтастығы мақсаттарының бірі екі елдің нарықтарына қазақстандық және өзбекстандық кәсіби сауда-саттыққа қатысушыларына және инвесторларына өзара рұқсаттама беру болып табылады. Жаһандастыру және интеграциялық үдерістерді белсендіру жағдайында екі тарапты қарым-қатынастарды нығайтқажеттілігі күшейе түседі. KASE мен UZSE, ұлттық қор нарықтарының өзекті инфрақұрылымдық институттары бола тұрып, еларалық экономикалық байланысты нығайтуға өз үлестерін қосады", – деді өз сөзінде Алина Алдамберген, KASE Басқармасының Төрайымы.

"KASE қор нарығын дамытуда және алға тартуда, биржалық инфрақұрылымды қалыптастыруда және клиенттермен жұмыс жасауда тәжірибесі мол.

имеет большой опыт в развитии и продвижении фондового рынка, формировании биржевой инфраструктуры и работы с клиентами. Бірлескен ағартушылық іс-шараларды – бағалы қағаздардың эмитенттері үшін де, капитал нарығының кәсіби қатысушылары үшін де, дөңгелек үстелдер мен семинарларды ұйымдастыру екі биржаның ынтымақтастығының тиімділігін көрсетіп, сондай-ақ, сауда және клирингілік инфрақұрылымды құру, биржалық құралдар мен технологияларды құру, жергілікті және халықаралық клиенттерді тарту бойынша ең көкейкесті сұрақтары бойынша тәжірибе мен пікір алмасуға себептеседі", – деді Бекзод Усмонов, UZSE Басқармасының Төрағасы.

#### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының

арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

2019 жылдың тамызындағы KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 8,8 трлн теңгені құрап, 2019 жылдың шілде айымен салыстырғанда 8,9 % немесе 864,9 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте шетел валюталарының нарығындағы сауда-саттық көлемі 7,7 трлн теңге, ақша нарығында – 69 трлн теңгені құрады (репо операциялары – 47,6 трлн теңге, своп нарығы – 21,4 трлн теңге).

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемі 1,5 трлн теңгені құрады, соның ішінде қарыз алудың көлемі 1,3 трлн теңге.

Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 2 трлн теңгені құрады, олардың ішінде бастапқы нарықта 1,2 трлн теңге тартылды. Жылдың басынан бастап корпоративтік борыштың көлемі 10,5 %-ға өсіп, 11,9 трлн теңгеге жетті.

ХҚҰ облигацияларының нарығында сауда-саттықтардың көлемі 414,1 млрд теңге болды, соның ішінде бастапқы нарықтағы тартулар 408,5 млрд теңге болды.

Акциялардың сауда-саттықтарының көлемі 114,1 млрд теңгеге жетті. 01 қыркүйектегі жағдай бойынша акциялар нарығының капитализациясы 15,5 трлн теңге деңгейінде қалыптасты.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.